

Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі N 301 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1232. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 228 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 228 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40, 43 және 45-баптарына сәйкес және ұлттық валютаның ақша белгілерін қолдан жасаудан қорғау жөніндегі қосымша шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І** :

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 202 қаулысымен.

1. Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасы (Мәжитов Д.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін (бұдан әрі - Ереже) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы және Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасымен (Сембиев Н.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Ереженің азаматтар мен заңды тұлғалардың мүддесіне қатысты 1-4 тарауларын республикалық газеттерде (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ж а р и я л а с ы н ;

3) осы қаулы және Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы қаулыны және Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге, сондай-ақ шет мемлекеттердің орталық банктеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 0 ш і л д е д е г і
N 3 0 1 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 202 қаулысымен.

2. Осы Ереже ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) өзгерістер енгізу, айналыстағы ақша белгілерінің ескі дизайнын (нысанын) тиісті ақша белгілерінің жаңа дизайнына ауыстырған кезде касса операцияларын жүзеге асыру тәртібін р е т т е й д і .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 69 қаулысымен.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ақша белгілерінің дизайнын (нысанын) өзгерту - графикалық бейнесін, мәтінін өзгерту және енгізу, қолдан жасаудан қорғаудың қосымша құрамдарын енгізу, көлемін, нысанын, түсін, бастапқы материалдарын және басқа да б е л г і л е р і н ө з г е р т у ;

2) жаңа үлгідегі ақша белгілері - ұлттық валютаның айналысқа шығарылатын және бұрынғы дизайнға (нысанға) қарағанда жаңа ерекшеленетін белгісі бар а қ ш а б е л г і л е р і ;

3) ескі үлгідегі ақша белгілері - ұлттық валютаның айналымнан алуға жатқызылған ескі дизайндағы (нысандағы) ақша белгілері;

4) қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі - Ұлттық Банктің орталық а п п а р а т ы н ы ң б ө л і м ш е с і ;

5) Ұлттық Банктің филиалдары - Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары және Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы);

6) екінші деңгейдегі банктер - екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Ескерту: 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.07.25 N 69, 2011.12.26 № 212 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-тарау. Жаңа үлгідегі ақша белгілерін айналысқа шығару шарттары

4. Ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) өзгерістер енгізу туралы шешім қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының (бұдан әрі - Ұлттық Банк) қаулысымен қабылданады.

5. Ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) өзгерістер енгізуге негіздемелер б о л ы п т а б ы л а т ы н д а р :

1) қолдан жасаудан қорғаудың қосымша құрамдарын енгізу;

2) ұлттық валютаның ақша белгілерінің төлем жасауын қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты басқа да негіздемелер.

6. Ұлттық Банк ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) бір уақытта бірнеше номиналға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) өзгерістер енгізу туралы қаулысы қабылданғаннан кейін қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу бөлімшесі айналыстағы ақша белгілерінің ескі үлгісін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыруға әзірлік бойынша іс-шаралар жүргізеді.

8. Айналыстағы ақша белгілерінің ескі үлгісін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстырған кезде Ұлттық Банк бұқаралық ақпарат құралдарында Басқарманың қаулысын және Ұлттық Банктің ресми хабарламасын жариялайды, ақша белгілерін ауыстыру мерзімін және тәртібін қоса отырып, баспасөзде, теледидар мен радиода түсіндіру жұмысын (түсіндірме) жүргізеді.

Ұлттық Банктің айналыстағы ақша белгілерінің ескі үлгісін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы ресми хабарының мазмұны мынадай болуы қ а ж е т :

1) жаңа үлгідегі ақша айналымын енгізу күні, оның нақты құны және дизайнының (нысанының) қысқаша сипаттамасы;

2) жаңа үлгідегі ақша белгісін айналысқа енгізген күннен бастап жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі;

3) ескі үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құжаты болудан қалған күннен бастап жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күн.

Ұлттық Банк Ұлттық Банк Басқармасының қаулысы қолданысқа енгізілген күннен бастап бір ай мерзімде Ұлттық Банктің филиалдарына, шет елдердің орталық (ұлттық) банктеріне және қаржы полициясы органдарына айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерін ауыстыру талаптары мен мерзімдерін назарда ұстау үшін жібереді, жаңа үлгідегі ақша белгілерінің сипаттамасы мен үлгілерін жібереді.

Ескерту: 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.12.26 № 212 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі

9. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі Ұлттық Банк Басқармасының қаулысымен белгіленеді.

10. Айналыста қатар жүру кезеңінде ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлем түрлері бойынша, сондай-ақ ешбір шектеусіз банктік есепшоттарға есептеу үшін және аудару үшін қабылдануға міндетті заңды төлем құжат болып табылады.

1 1 . < * >

Ескерту: 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.12.26 № 212 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналысын аяқтау

12. Жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің Ұлттық Банк белгілеген айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған соң ескі үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының аумағында барлық төлем түрлері бойынша заңды төлем құжаты болудан қалады.

13. Екінші деңгейдегі банктер жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күннен бастап 12 (он екі) ай бойы:

1) заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдауға және айырбастауға;

2) операциялық кассадағы ескі үлгідегі ақша қалдықтарын Ұлттық Банктің филиалдарына өткізуге міндетті.

14. Екінші деңгейдегі банктер Ереженің 13-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне айырбастау үшін қабылдауға құқығы жоқ.

Екінші деңгейдегі банктер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері белгілеген талаптарға сәйкес оларды кейіннен Ұлттық Банктің филиалдарына сараптамаға беру үшін ескі үлгідегі банкноттарды қабылдайды.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 234 қаулысымен.

15. Ұлттық Банктің филиалдары Ереженің 13-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін 3 (үш) жыл ішінде жеке және заңды тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдайды және қолданыстағы ақша белгілеріне ауыстырады.».

Қабылданған ақша белгілерінің төлемділігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін анықтау ережесін бекіту туралы» 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген) белгіленген тәртіппен а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту: 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.12.26 № 212 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Ереженің 15-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін Ұлттық Банктің Басқармасы заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдаудың және айырбастаудың белгіленген мерзімін ұзартуға құқылы.

5-тарау. Ұлттық Банктің филиалдарында айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру кезеңіндегі эмиссиялық-кассалық операцияларды ұйымдастыру тәртібі

Ескерту: 5-тарау (17-21-тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі N 69 қаулысымен .

6-тарау. Айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру қорытындысын шығару тәртібі

22. Қолма-қол ақшамен жұмыс жөніндегі бөлімше жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күннен бастап Ұлттық

Банк Басқармасының қарауына ұсынылатын айналыстағы ұлттық валютадағы ақша белгілерін ауыстыру нәтижелері туралы есеп әзірлейді.

23. Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің ауыстырылуына қарай Ұлттық Банк Ұлттық Банктің бөлімшелеріндегі эмиссиялық-кассалық операциялар ұйымдастыру және құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының айналыстан шығарылған ұлттық валютасының қолданыстан алып тасталған ескірген банкноттарын жою тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ескі үлгідегі ақша белгілерін жояды.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК